

Паллиативті көмекті ұйымдастыру.

Дайындаған: Обышова Мөлдір

«Паллиативті» термині латынның «**palliatium**»
«бетперде» немесе «жамылғы» деген сөзінен шыққан.
Бұл паллиативті көмек дегенді білліреді: емделмейтін
арудың көрінуін жасыру немесе қорғансыз
қалғандарды қорғау үшін сыртқы қабатын жамылғымен
қамтамасыз ету.

Паллиативті көмек- терминалды (соңғы) сатыдағы емделмейтін аурулары бар пациенттердің өмір сапасын жақсартуға бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені. Қазіргі уақытта паллиативті көмек- медициналық және әлеуметтік қызметтің маңызды бағыты. Оның мақсаты физикалық, психикалық, рухани- басқа да симптомдарды ауырсынуларды тоқтату, мұқият бағалау, ерте анықтау барысында алдын алу және қайғы- қасіретті жеңілдету.

Хоспис дегеніміз- қарттар үйіне немесе адаптация орталығына ұқсас мекеме. Хосписта науқастарға күтім көрсетіледі. Қажетінше ауырсынуды басатын дәрі-дәрмек салынады, яғни симптомдық ем қолданылады.



Паллиативті көмек қатерлі ісікті толық емдеп шығу үшін емес, оның асқынуларын басып, науқастың өмірінің сапасын мүмкіндігінше жақсартуға арналған ем. Паллиативті ем хирургиялық, сәулелік, химиотерапиялық тәсілдермен жүргізіледі және қосымша симптомдық ем қолданылады.

Анықтамаға сәйкес паллиативті көмек:

- ▶ Қалыпты заңды үдеріс ретінде өмірді бекітеді және өлімді қарастырады;
- ▶ Өмір сүру мерзімін ұзарту немесе қысқарту ниеті жоқ;
- ▶ Науқасты мүмкіндігінше белсенді ұзақ өмір сүруін қамтамасыз етеді.

- ▶ Емделушінің ауыр науқастанған кезінде оның отбасына көмек ұсыналы және ауыр қайғыдан кейінгі уайымдау кезеңінде психологиялық көмек көрсетіледі;
- ▶ Емделуші мен оның отбасыларының барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін кәсіпаралық тәсілді қолданылады;
- ▶ Емделушінің өмір сүру сапасын жақсартады және ауру ағымына оң әсер етеді;

Паллиативті көмектің негізгі міндеттері:

1. Талапқа сай ауырсынуды басу және басқа физикалық симптомдарды тоқтату;
2. Науқастарға және оларға күтім көрсетіп жүрген туыстарына психикалық қолдау көрсету.
3. Адамның өмір жолындағы қалыпты кезең ретінде қлімге деген қатынастарын қалыптастыру;
4. Науқастың және олардың туыстарын рухани қажеттілігін қамтамасыз ету;
5. Әлеуметтік және заңды сұрақтарды шешу;
6. Медициналық биоэтика мәселелерін шешу;

Өмірінің соңында арнайы паллиативті көмекті қажет ететіндерді 3 топқа бөлуге болады:

1. 4-сатыдағы қатерлі ісігі бар науқастар

2. Терминалды сатыдағы ЖИТС науқастары

3. Дамудың терминалдық сатысындағы онкологиялық емес күшейген ауруы бар науқастар.

Назарларыңызға рахмет!!!